*Қосымша № 1.14*

**Техникалық сипаттама**

**(ЛОТ № 14)**

| № | Атауы | Сипаттамасы | Саны |
|---|---|---|---|
| 1 | Лабораториялық құрғақблокты термостат (микропробиркаларға арналған әмбебап блокпен бірге) | Жабдық түрі: Лабораториялық мақсаттағы құрғақблокты термостат<br>Жұмыс температурасы:<br>– Орнату диапазоны: +25°С-тан +120°С-қа дейін<br>– Реттеу диапазоны: қоршаған орта температурасынан +5°С-тан +120°С-қа дейін<br>– Температураны орнату қадамы: 0,1°С-тан аспауы тиіс<br>Температура тұрақтылығы: ±0,1°С-тан нашар болмауы тиіс<br>Температура біркелкілігі (37°С кезінде): ±0,1°С-тан нашар болмауы тиіс<br>Температура коэффициентін калибрлеу диапазоны: 0,968–1,031 (±0,031)<br>Блок (жинақта):<br>– Сыйымдылығы: кемінде<br>0,5 мл көлемді 21 пробирка,<br>1,5 мл көлемді 32 пробирка,<br>0,2 мл көлемді 52 пробирка<br>Таймер:<br>– Орнату диапазоны: 1 минуттан 96 сағатқа дейін<br>– Үздіксіз жұмыс режимі<br>– Таймер аяқталғанын білдіретін дыбыстық сигнал<br>Басқару жүйесі: цифрлық<br>Дисплей: сұйыққристалды, кемінде 2 қатарлы, әр қатарда 16 таңбадан<br>Габариттік өлшемдері (Ұ×Ен×Б): 230 × 210 × 110 мм-ден аспауы тиіс<br>Салмағы: 2,8 кг-нан аспауы тиіс<br>Қосымша талаптар:<br>– Қоректенуі: 220–240 В, 50/60 Гц | 1 |
| | **Барлығы** | | **1** |

**Қаржы және Халықаралық байланыстар вице-ректоры** **М. Гиритлиоглу**

**Ғылымды дамыту жөніндегі жобалық кеңсе басшысы** **А.Айымбетова**

**Ғылым департаментінің жетекші маманы** **Т.Джатаев**

**ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ**

Құны ҚҚС-мен Түркістан қаласына дейінгі (сатып алушыға дейін жеткізу және өз құрамына барлық мүмкін болатын төлемдерді, салықтар мен баж төлемдерін кіргізеді) негізінде көрсетілген. Тауардың құнына қажет болған жағдайда монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары, сондай-ақ персоналды оқыту да енгізілуі тиіс

Әлеуетті жеткізуші Республика Қазақстан аумағында жеткізілетін тауарды пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар екенін растайды және кепілдік береді. Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологиялық, табиғатты қорғау және өзге де нормативтер мен талаптарға толық сәйкес келеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес барлық сараптамалар мен сынақтардан өткен, бұл туралы әлеуетті жеткізушінің тиісті құжаттары бар. Тауар жаңа, пайдаланылмаған, ақаусыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарымен ауыртпаланбаған болуы тиіс. Кепілдік мерзімі пайдалануға берілген күннен бастап кемінде 12 айды құрауы тиіс.

**Төлем шарттары:** алдын ала төлем мөлшері Лоттың жалпы сомасының 100%-на дейін жетуі мүмкін және ол ғылыми жобалар аясында сатып алуды реттейтін университеттің ішкі Ережесінің талаптарына сәйкес сатып алу Комиссиясының шешімімен айқындалады.

Сатып алу комиссиясы әлеуетті жеткізушіден авансттық төлемнің толық сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы. Бұл қамтамасыз ету құжаты келесі нұсқалардың бірінде ұсынылады:

Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;

Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған Жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

**Жеткізу уақыты:** тауарды жеткізу шартқа қол қойылған күннен бастап 60 күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылуға тиіс.